

Қорыта келсек, «*Еркелету мәнді сөздер дегеніміз біреудің назарын аудару мақсатында қолданылып, айтушының тыңдаушыға арнаған түрліше сезімін білдіретін сөздер*» дегенді айтқымыз келеді.

Жоғарыда келтірілген сөздерден бөлек, еркелету мәнді сөздер тобына тәуелдік жалғауының ІІ жақ көрсеткіші *-н* арқылы жасалған – *Алишекең, Қожжекең, Жұмекең, Байжекең* тәрізді сөздер; ІІІ жақ көрсеткіштері *-сы, -сі* арқылы жасалған – *ағасы, апасы, әкесі, шешесі* тәрізді сөздер де жатады. Алдыңғы топтан бұлардың бір ерекшелігі – тәуелдік жалғаудың көрсеткіштері бұл тұста өзгермелі болып келеді, яғни бұл сөздер бірде еркелету мәнді сөздер қызметінде жұмсалса, бірде меншіктілік, тәуелділік мағынаны білдіреді. Мысалы: - *Апасы-ау, енді қайтейін, күміс самауыр ағып кетіпті..., - деп үйге Күңше кіріп келді. Айжанның апасы – еліне сыйлы, құрметті жан.* Бірінші сөйлемдегі *апасы* сөзі құрметтеу, сыйлау және еркелету сезімдерін білдіретін еркелету мәнді сөздер болса, екінші сөйлемдегі *апасы* сөзінен тәуелдік мағынаны айқын көре аламыз.

Әдебиеттер

1. Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. Алматы: Ғылым, 1971.
2. Циртаутас И. Қазақ тілінде еркелету және іздет мағынасын білдіретін сөздер // Қазақ ССР Ғылым Академиясының Хабарлары. Алматы: Ғылым, 1972, Б. 75-80.

ӘОЖ 811.512.122

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ҚҰС АТАУЛАРЫНА ҚАТЫСТЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

**Аскари Аяна Боранбаевна
Сүлейман Демирел атындағы Университет**

Түйін

Бұл мақалада адамдарға байланысты, түркі тілдеріндегі құс атауына қатысты қолданылатын фразеологизмдер топтастырылып қарастырылды.

Кілт сөздер: *фразеологиялық тіркес, құс атаулары*

Аннотация

Цель этой статьи включает в себя: Тюркские языки фразеология, которая в отношении подключения имена птиц на некоторых лиц.

Resume

The aim of this article includes ;Turkic languages phraseology which is regarding to connect bird names on some persons.

Түркі тілдеріндегі фразеологизмдердің жасалуына сан түрлі құбылыстар, ұғымдар, түсініктер себеп болған. Солардың бірі – құс атауына қатысты фразеологизмдер.

Көптеген түркі (мысалы: саха, төлеу, алтай, түркімен, өзбек) халықтарының тотемдерінің бірі бүркіт болған. Кейбір тайпалар өздерінің арғы тектерін бүркіттен шыққан деп есептеп, оны өздерінің қолдаушысы деп түсінді. Сібір халықтарында да бүркіт күннің әміршісі мен табиғаттың жаңартушысы, қырғыз, қазақтарда жаңа туған сәбилердің жебеушісі, бақытсыздықтан қорғаушысы саналған. Сондықтан жас балалардың киіміне көз тимеу үшін оның тырнағын қадап қоятын болған.

Қырғыз тіліндегі құс атауына қатысты фразеологизмдердің біршама бөлігін бүркіт атауына қатысты фразеологизмдер құрайды. Мысалы: *байлооч бүркітей (байлаулы бүркіттей), шодокондун бүркүтүндөй болдо* (тым сараң болма мағынасында аңыз Шодоконның бүркіті оң аяғының астында бір түлкі, сол табанында бір, тұмсығымен бір түлкі, сол табанында бір, тұмсығымен бір түлкі ұстап тұрып, көзімен төртіншіге қадалапты).

Түркі фразеологиясында бірқатар фразеологизмдер канат, құс атауына қатысты жасалған. Мысалы, қырғыз, қазақ *қанаттыға қақтырмау, тұмсықтыға шоқыттырмау, қанат жаю* тіркестері ортақ қолданылады. *Ұчарына канат, конорына күйрук болуу* (арқа сүйер тірек болу), *ала канат* (тұрақсыз, жеңілдек болу) қырғыз тілде осы мағынада болса, түрік тілде **куш канадыйла гитмек* (тез кету, жылдам) *куш канадына кира истемез* (адам өзі үшін жасаған жұмысынан) мағынасында жиі қолданылады. Бірқатар фразеологизмдер жалпы құс сөзімен байланысты жасалған. Ол фразеологизмдердің көпшілігі кішкентай, мардымсыз, аз деген ұғымда жұмсалады. Мысалы, қырғыз, түрік, қазақ тілдерінде *құс ұйқы, құс ұшырмау* тіркестері ортақ қолданылса, түрік тілде **куш кадар жаны олмак* дегенді (кішкентай, күшсіз болу) білдіреді. *Куш кафсы гиби* (ақылсыз) мағынада екен.

Түркі тілдерінің ішінде татар тілінде құс атауына қатысты фразеологизмдер көп кездесетінін байқадық. Дала құстарына қатысты фразеологизмнің ішінде татар тілінде сандуғаш құсының көп қолданылатын аңғарылады: *аның сандугачы сайрый* (жұмысы жақсы жүріп жатыр) деген мағынада; *сандугач йоқысы қазақ тілінде « құс ұйқы»* деген тіркеспен сай келеді. *Сандугачны каргага алыштырған* « сандуғашты қарғаға айырбастау»; *син сандугач, мин карлигаши* (бір-біріне сай); *агачтан сандугач кана ясамый* (бес саусағынан өнері тамған) мағынасымен сәйкес келеді. Мұндай *ф р а з е л о г и з м д е р д і ң қ а т а р ы н д а т ы р н а а т а у ы* да басымдылығымен көзге түседі: *навадагы торна* (әуедегі тырна); *навадан торна санау* (бос уақыт өткізу); *торна вәли* (ұзын адам жайлы); *торна мамыгы* (жайлы жер); *торнаның итаны юк* (өз кемшілігін көрмей біреуге күлетін адам жайлы) т.б. Қазақ ұғымында жағымсыз мағынада: *ж ү н і н ж ұ л ғ а н т ы р н а д а й* фразеологизмі кездеседі. Түрік халықтарында тырнаға қатысты атасөз фразеологизмін де *тунайы гөзүнден вурмак* (тура айту) мағынада кездеседі.

Құс атауы бар фразеологизмдердің жасалуы көбіне сол құстың жағымды не жағымсыз қасиетін екінші бір затқа балаудан немесе көлеміне, түсіне байланысты болуып келеді. Сондай құстың бірі – шымшық. Ол көлемі жағынан кішкене құс. Сондықтан болар осы құсқа байланысты жасалған фразеологизмдердің көбісі көлеміне қатысты. Татар тілінде кішкентай деген мағынада *чыпчык оясы, чыпчык чуқырлык*, ақылы аз, ақымақ *чыпчык чупләп бетермәс* секілді фразеологизмі қолданылады. Татар тілінде шымшық сөзімен қатысты бірқатар мақал-мәтелдер де қалыптасқан. Мысалы, *чыпчык ныр иткәнгә йөреге шыр ите, чыпчик күреп коты очкан* « қорқақ», *чыпчык да үз бизмәнә* « әркімнің өз мүмкіндігіне қарай», *чыпчык биреп каз алмакчы* « айласын асыруға тырысу» т.б.

Енді бірқатар фразеологизмдер үй құстарына қатысты жасалынған. Қырғыз тілінің фразеологиясында үй құсына жататын балапан сөзі кездеседі. Балапан – әлі жас ерекшелік адамның жасымен салыстырылып беріледі де, ал түріктерде кішкентай балаға теңейді. *Балапан жүнү бата элек* (өте жас, жетілмеген), *балапан түгү түшө элек, жумырткадан кыр чыгаруу* « бәле іздеу, кемшілік табуға тырысу» т.б. Түрік атасөздерінде *Нороз не кадар өтерсе өтсүн, живжив дыдыкына бакар* «әке қанша тырыссада, бала анасына оданда жақын болады». Тауық, үйрек, қаз секілді үй құстарын адамдар еті, жұмыртқасы, қауырсыны үшін пайдаланады. Тауық сөзі жалпы халықтық тілде эмоционалдық жағынан бейтарап, ал кейбір тұрақты сөз тіркестерінде жағымсыз мағынаны білдіреді. Қазақ тілінде тауық сөзіне қатысты « Соқыр тауыққа бәрі бидай, судан шыққан тауықтай, кімнің тарысы піссе, соның тауығы болу» секілді фразеологизмдер осындай жағымсыз ұғымда қолданылады. Татар тілде ақымақ, ұмытшақ деген мағынада *тавык мие эчкен, тавык баши, тавык мие ашаган, тавык хәтере* секілді фразеологизмдер кездеседі. Түрік атасөздерінде тауыққа қатысты жағымсыз мағынада фразеологизмдері бар екен: *тавук аягыны емек* (өсектеу) мағынасында болса, (ерте ұйықтайтынға) *тавук гиби* дейді екен. Татар тілінде *әтеши* атауы да бірқатар фразеологизмдер жасауға негіз болған: *әтәш белән тору, әтәч белән ятып, сөгер*

белән тору тіскестері қолданылады. Сол секілді бұл тілде қазақ тілінде мүлдем кездеспейтін *ахыргі әтеч « сирек», әтече кубыз уйный «өнерлі», қызыл әтеш жибау « біреуді біреуге айдап салу», әтеч буып қычқыра «орынсыз шу шығару»* секілді фразеологизмдер актив қолданылады. Түрік атасөзінде: *Гороз ақыллы (ақылсыз) мағынада, Гороз херив « жиі ашуланатын» адамға байланысты.*

Түркі тілдерінің ішінде татар тілде үйрек атауы фразеологизмдер жасауда ерекше молдығымен көзге түседі, олардың барлығы дерлік тойымсыздық, сараңдық сияқты жағымсыз мағынада қолданылады. *Үрдәк биреп каз алған* пайдакүнем есепшіл деген мағынада қолданылса, дәл осы мағынада *казын биреп кадалған* тіркесі кездеседі. Сол секілді алдау, өтірік сөйлеу мағынасында *үрдәк очыру, орынсыз көп сөйлеу мағынасында үрдәк телен ашаған*, сүйкімсіз, ұсқынсыз деген ұғымда қолданылатын *шықсыз үрдәк баласы* фразеологизмдері қалыптасқан. Қырғыз тілінде *беш ордөгөн очору* тіркесі татар тіліне жақын өтірік айту ұғымында жұмсалады. Ал, түрік тілінде: *Каз гелен ерден тавук есиргенмез* (сізге жақсылық жасайтын кісіге, сенде жақсылығынды аяма); *Каз казла, баз базла, кел тавук кел хорозла* (өз теңімен болу). Қаз сөзі кейбір фразеологизмдерде «ірілікті» көрсету үшін қолданылады. Ал осыны іріні кішкентай нәрсеге айырбастау ақымақ адамдардың ісі. Осыған орай татар тілінде *каз биреп үрдәк алу* деген тіркесі қолданылса, ерекше құрмет жасау мағынасында *каз мамығы оның башында* деген секілді фразеологизмдері қалыптасқан.

Түркі тілдеріндегі құс атауларынан жасалған фразеологизмдер аз емес. Оларды зерттеп қарастырған ғалымдардан Қаламқас Қалыбаеваның қосқан үлесін де айтсақ болады. Бірақ, оларды ары қарай өз алдына жинастырып, жекке зерттеу қажет деп ойлаймыз.

Әдебиеттер

1. Ф.И.Сафиуллина Татарско-русски фразеологический словарь, Казан, 2001.
2. Жамшитова Г. Кыргызско-русский, русско-кыргызский тематический фразеологический словарь. Бишкек, 2003.
3. Deyimler sözlüğü, Google.kz. Atasöleri gen.tr

ӘОЖ: 811.512.122

СҮЛЕЙМЕН БАҚЫРҒАНИ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ СОПЫЛЫҚ ІЛІМ АТАУЛАРЫНЫҢ ЛИНГВОКОГНИТИВТІК МӘНІ

Адилов Руслан Рашитұлы, Сүлейман Демирел атындағы Университет

Түйін

Бұл мақалада сопылық әдебиеттің ірі өкілі Сүлеймен Бақырғани шығармаларында кездесетін діни терминдердің семантикасы мен когнициясы қарастырылады. Автор сопылық ағымға қатысты сөздердің контекстегі мағынасы, жеке алғанда қандай мән беретіні және қазіргі сөзжұмсамда алатын орны қандай деген сұрақтарды зерделейді.

Кілт сөздер: мүрит, пір, шарап, тарикат, тамұқ, жәхил, илһам, тәфәккүр, ғәфләт.

Аннотация

В этой статье затрагивается тема наследия выдающегося суфиста Сулеймана Бақырғани. Автором с когнитивной точки зрения рассматриваются слова, наиболее часто употребляемые суфистом в его произведениях и раскрываются их семантика. В заключение статьи приводятся результаты эксперимента, проведенного среди носителей современного казахского языка.

Annotation

His article touches upon the heritage of outstanding Sufi Suleyman Bakyrғani. Words which Sufi uses most often in his works, we will consider them from the cognitive point of view, and let's hope to